

**№28 Абылай хан атындағы жалпы орта мектеп
коммуналдық мемлекеттік мекемесі.**

Мектеп тәлімгерінің

2022-2023 оқу жылындағы 1-ші жарты жылдық қорытынды есебі.

Мақсатым: Оқушылармен жарты жыл бойы тәрбиелік бағытта жұмыс жүргізе отырып, оқушылардың жеке тұлғалық мүмкіндіктерін ашуға көмектесу, қоғамдық жұмыстарға қызығушылығын арттыру. Отан сүйгіштікке баулу.

Жылдық жоспар бойынша тәрбиенің бағыты бойынша жұмыстар жүргізіп жатырмын. Жылдық жоспарым оқу жылының басында жасалып, бекітілген. Тәрбие ісінің меңгерушісімен, мектеп тәлімгерімен, психологпен, әлеуметтік педагогпен бірлесіп жүргізетін жұмыстардың жоспары да жеке-жеке жасалып, бекітілген. Жоспар бойынша жүргізілген жұмыстарға тоқтала кетейін.

1.1-қыркүйек «Білім күні» мерекесін «Кел балалар оқылық!» атты салтанатты жиын Ақжар ауылындағы №28 Абылай хан атындағы жалпы орта мектебінің ұстаздар қауымы, ата-аналар, оқушылар айрықша қуанышты көңіл күймен атап өтті. Ақжар ауылдық округі әкімі Е.Сапарбаев мырза да өз тілегін білдірді. Мектебіміздің директоры сөз алып, оқушыларды, ұстаздарды білім күнімен құттықтады. Жиын соңында 11 сыныптың үздік оқушысы мен 1 сыныпқа қабылданған алғашқы қоңырауды сыңғырлата соғып, 11 сынып оқушылары. Барлық сынып сағына күткен парталарына отырды. Мемлекеттік туымыз салтанатты түрде кіргізіліп, шығарылды. Барлық сыныптарда «Кел балалар оқылық!» атты алғашқы ашық тәрбие сағаты өткізілді.

1-сынып оқушылары мектеп табалдырығын аттады.



2.Қыркүйек айының басында әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларды мектепке тарту мақсатында «мектепке барар жол» акциясы ұйымдастырылды.Мектебімізде бірқатар мұғалімдер,ата-аналар әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларға демеушілік жасады.



3.Қыркүйек айының 2 аптасында 5 қыркүйек Тілдер мерекесімен тұспа—тұс келген ұлт көсемі, мемлекет қайраткері, қазақ тілі мен әдебиетінің негізін қалаушы, публицист - Ахмет Байтұрсыновтың 150 жыл толуына орай мектебімізде қыркүйек айының 5-16-күндері аралығында атап өтілетін онкүндіктің ашылу салтанаты өтті. Онкүндіктің ашылуына 5-11-сынып оқушылары белсене қатысып, өздерінің өлең шұмақтарын, мысалдарынан көріністер және сөз жұмбақтар шешті.



4. Қыркүйек айының 3 аптасында №28Абылай хан атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде, "Балалар жылына" орай "Мен бақытты баламын!" атты айлық жоспарына сәйкес 5-6 сыныптар арасында "Музыка әлемінде!" атты сайыс өткізілді.

Бас жүлдені 5"а"-сынып оқушылары иеленді.





5. Қыркүйек айының 4 аптасында «Отбасы» күніне орай, 3-сынып оқушылар арасында көңілді старт сайысы ұйымдастырылды. Сайыс 6 кезеңнен болып өтілді. Сайысқа 6 сынып қатысты. Әр отбасы жарыста жақсы өнер көрсете білді.

Сайысқа қатысқан мүшелері



Ойыншылардың жарысқа қатысу кезеңінен үзінді



Жеңімпаз сыныптар марапатталды.



Отбасы күніне орай «Менің отбасым» тақырыбында мектеп ауласына сурет салу байқауын ұйымдастырылды.



6. Қыркүйек айының соңғы аптасында 7-11 сынып оқушыларының қыз балалар арасында кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, қауіпсіз интернет жайлы мектеп медбикесі Сман Зәуре “Жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктен сақтану” тақырыбында баяндама оқыды. Мектеп психологы Байбакова Д. ДТІЖО Сейдалиева Н. Тәлімгер Джураева А ұйымдастырылуымен жиналыс өткізілді.



Мектеп психологы Байбакова Д. ДТІЖО Сейдалиева Н. мектеп медбикесі Сман Зәуре түсіндірме жұмысын жүргізу сәті.

7. 1 қазан – Қарттар күніне орай «Қарттарым - асыл қазынам» атты баяндама, линейкада , яғни үлкен үзіліс кезінде оқушылар назарына ұсынылды. Бұл мереке барлық әлемде аталып өтетіні туралы айтылды.



Халықаралық қарттар күніне орай, ардагер ұстаздарды құттықтап, жылы лебіздерін білдіріп қайтты.

«Қарттарым - асыл қазынам» атты ашық тәрбие сағаттарын өтті.



8. 4 қазан күні мектепте пән мұғалімдерінің орнына 11 сынып оқушылары мұғалімдер күніне орай «ДУБЛЕР КҮНІ», яғни оқушылардың өзін-өзі басқару күні өтті.

Дублер күнінің мақсаты - мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру. «ДУБЛЕР КҮНІН» өткізу мақсатында мектепте Парламент Президенті Тастемір Рауан бастаған 11 сынып оқушыларымен бастамашыл топ құрылды. Сонымен қатар жоспар бойынша алдын ала өзін-өзі басқару күнін өткізу ережесі, мақсаты мен міндеттері, өткізу форматы мен тәртібі айқындалды.

Мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдерінің рөлін мектеп Парламент Президенті, 11сынып оқушылары атқарды. Оқушылар жауапкершілікті сезініп, өздеріне жүктелген міндеттерді өз деңгейінде атқарды.

Дублер күні - оқушылар мұғалім болып, өзін-өзі басқара алатын, сабақтарды жүргізудің маңызды екендігін сезіне алатын қызыққа толы күн болды.



9. 7 қазан күні Өзін-өзі басқару Парламент ұйымына Президент сайлауы өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік күзіреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын қалыптастыру, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесіне әрекет ете алатын жоғары мәдениетті гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Мектебімізде 10-11 сыныптар арасында өзін-өзі басқару парламент ұйымына президент сайлауы өтуіне байланысты, үміткер оқушылар үгіт жұмыстарын жүргізді.

Сайлауға мектебіміздің директоры, Оқу ісі жөніндегі орынбасары, Бейін ісі жөніндегі орынбасары, ДТІЖО, мектеп психологы және мектеп пән мұғалімдері өз дауыстарын берді.

Дауыс беру сәтінен үзінді.



Мектеп директоры Ж.Еспенбетов



Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Сайлауға тіркеу орны



Сайлауға мектеп оқушылардың дауыс беру сәті.



10. 5 қазан – Халықаралық ұстаздар мерекесіне орай оқушылар «Өзін-өзі басқару» мақсатында бір күндік күнделікті сабақ жоспарын жазып, ұстаздардың орнына өздерін қойып көрді. Ұстаздардың қызметінің қаншалықты ауыр екеніне көздерін жеткізіп, мың да бір алғыстарын білдірді.

«Ұстаздар»күнінің 2-жартысында «Ұстаздар ұлы тұлғалар» атты мектепшілік іс-шара өткізілді. Іс-шара жоғары дәрежеде өтілді. Оқушылар ұстаздар қауымына өз ақ тілектерін білдірді. Ұстаздарға арнап оқушылардың жүректі жарып шыққан өлең жолдары оқылды. «Ұстазым»әні оқушылардың орындауында хормен орындалды. Чинташева Бибігүлдің орындауында «Ардақты ұстазым» әні көпшілікке тарту етілді. 4-сынып оқушыларының орындауында тамаша биленді.Жоғары сынып оқушыларымыздың тамаша биімен кешіміз қорытындыланды.

Кештің басталуынан үзінді



11- сынып оқушыларының «Өзбекше би»



Концерттік бағдарламада ұстаздарды құттықау сәттері



11. ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ПАРЛАМЕНТ ҰЙЫМЫНА ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ. АНТ ҚАБЫЛДАУ РӘСІМІ!

Мектепшілік оқушылар арасында мектеп президентін сайлауының іс-шарасы болып өтті.

Мектебіміздің директоры Ж.Еспенбетов мектеп президенті мен министрлерге төс белгілерін тақты.

Мектеп директоры
Ж.Еспенбетов құттықтауы

Мектеп Президенті Тастемір Рауанның
Ант қабылдау рәсімі



Мектеп тәлімгері А.Джураева мен ЖасҰлан ұйымы



5 «б» сынып оқушылары «Қазақстаным» биін биледі.





Ж.Еспенбетов мектеп президенті мен министрлерге төс белгі тағу рәсімінен үзінді.

Мектебімізде дене шынықтыру пәні мұғалімі Тұржанов Алтынбек және Жас Ұлан ұйымымен ұйымдастырылған 9,10,11 сынып оқушыларының арасында "Шынықсаң-шымыр боласың!" тақырыбында волейболдан жарыс өткізілді.

Мақсаты: Оқушылар мен ұстаздардың денсаулығын, белсенділігін нығайту, ептіліктерін, шапшаңдықтарын, батылдықтарын, күштіліктерін байқау.

Спортқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Салауатты өмір салтын насихаттау.

Волейбол жарысынан үзінді.



Мектеп директоры Ж.Еспенбетов оқушыларды марапаттау сәтінен

12. Қазан айының 13.10.2022ж тарих пәні мұғалімі Одилов Азамат, тәлімгер Джураева А. ұйымдастырушы педагог Ж.Одилованың. ұйымдастыруымен тарих, дүниетану, математика пәнаралас, «Жас ЛИДЕР» тақырыбында 8-сыныптар арасында интеллектуалдық жарыс сабақ болып өтті.

Сайыстың мақсаты:

- ☐ Оқушыларды қазіргі заман талабына сай терең білім алуға ынталандыру.

□ Қазіргі ғылыми білім негізінде дүние жүзінің өркениет құндылықтармен қаруландыруға ниеттерін қалыптастыру.

□ Оқушылардың жан-жақты білімін дамыту, ойлау, сөйлеу қабілеттерін шыңдау.



8-11 сынып оқушыларының қатысуымен **«КҮЗ ХАНЗАДАСЫ МЕН ХАНШАЙЫМЫ»** атты іс-шара болып өтілді.

Мақсаты:

1. Жас ұрпаққа қоршаған ортадағы түрлі құбылыстарды және күз кереметтілігін нақты айқындап ашуға, табиғатты сүйуге, сақтауға үйрету.
2. Оқушылардың әртістік қабілетін, өзгешеліктерін дамыту, инабатты, иманды, іскер, мәдениетті, жеке тұлғаны қалыптастыру.

3. Ұқыптылыққа, шымыр да шапшаң ой жүйріктілігіне, талғампаздыққа, таза әдемі болуға тәрбиелеу.



Сұрақ-жауап бөлімі



«Қол өнер» сайысынан үзінді



13.Қазан айының соңғы аптасында «Тазалық- денсаулық кепілі» тақырыбында 11- сыныптар аралығында қыздар жиналысы өткізілді.Жиналысқа мектеп медбикесі Сман Зәуре қатысып, денсаулық туралы түсініктеме берді.



14. Қараша айының 1-2 аптасында оқушылардың тазалығы жөнінен жалпы мектепшілік бақылау жүргізілді. Тексеруге мектеп медбикесі, тәлімгер, ұйымдастырушы педагог, әлеуметтік педагогтар қатысты. Барлық сыныптардың тазалығы жақсы, талапқа сай, кабинет тазалықтарында олқылықтар байқалып тұрды, бастауыш сынып оқушыларының мектеп формалары талапқа сай, жоғары сынып оқушыларының мектеп формалары талапқа сай келе қоймайды.

Шаштары өскен, тырнақтары таза, Барлық сыныпқа анықтама жазылды.



15. Қараша айының 3-аптасында бастауыш сынып оқушылар арасында "Күз ғажайыптары" атты жеміс-жидектер мен көк-өністер көрмесі өтті.

"Күз ғажайыптары" атты көрмеге мектеп оқушылары ерекше ықыласпен өз үлестерін қосты.

Сары алтындай жапырақтары өлкеге көрік беріп, жанға жылу сыйлайтын мерекені тойлауда біздер де қалыс қалмадық.

"Күз ғажайыптары" атты көрме өз дәрежесінде өтті.

Көрмеге 1-4 сынып оқушылары қатысты.

Оқушыларға ерекше көңіл сыйлаған ауқымды көрме балалар санасында позитивті ой мен өшпес із қалдырары анық.



16. Қараша айының 4-аптасында 22.11.2022ж күні, тарих пәні мұғалімі Одилов Азамат, тәлімгер Джураева Айнура апайдың ұйымдастыруымен «Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болсын» тақырыбында 10«А» сынып оқушыларымен пікір сайыс өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру.

Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру.

Өскелең ұрпақтың Қазақстандық патриотизмі мен азаматтылығын қалыптастыру; оқушылардың бойында жауапкершілік, туған өлке мен елдің мәселелерін талқылауға және шешуге қатыстылық сезімін тәрбиелеу; республикадағы пікірсайыс қозғалысын дамыту, насихаттау және қолдау.

□ Пікірсайыс барысындағы командалар өте жақсы сайысты.

Жеңіске жеткен командалар марапатталды.



17. 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай мектепшілік іс-шара ұйымдастырылды.

Тақырыбы: «Елімнің еркіндігі Тәуелсіздік» деп аталды.

4-сынып оқушыларының орындауында «Қазақ»биі тамаша биленді.6-сынып оқушылары «Үшқоңыр»әнін орындады. 6-сынып оқушылары орындаған «өз елім»әні көрермен көңілінен шықты. Кеш өз дәрежесінде өтілді.



18. Желтоқсан айының 2 аптасында мектеп тәлімгерінің жетекшілігімен өткен «Жас ұлан» «Жас қыран»ұйымының «Жас ұлан» «Жас қыран» болашаққа нық қадам»атты оқушылар арасындағы дөңгелек үстелде «Жас ұлан» «Жас қыран» жарқын болашағымыздың кепілі»атты баяндама оқылды.

«Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты қабылдау жиынын ұйымдастырылды.



16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. Оқушылар тәуелсіздік күніне арнаған өлең жолдарын тебірене орындады. «Тәуке ханның жеті жарғысы» көрінісін жоғарғы сынып оқушылары жақсы орындады. Желтоқсан оқиғасына байланысты «Әже мен бала» көрінісін орындап шықты. Тәуелсіздік алғаннан бергі жеткен жетістіктеріміз жөнінде «Жылдар шеруі» сыр шертті, ұлттық киім киген оқушыларымыз осы шеруге қатысып, хормен «Жаса Қазақстан» әнін орындап, кешті қорытындылады.



Мектеп тәлімгері А.Джураева және Өзін-өзі басқару ұйым мүшелерінің арасында,

16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған "Тәуелсіздік тұғыры биік болсын" атты членджені өткізді.

Ұлттық қасиетіміз бен Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап ,

Ұлттық намысымызды оятқан, әлемге қазақты азаттық сүйгіш, рухы биік, намысы берік халық ретінде жарияланған Тәуелсіздік күні құтты болсын!

#28 Абылай хан атындағы жалпы орта білім беретін мектебі оқушылары атынан, #45 атындағы жалпы орта мектебіне бұл членджені жолдаймыз



19. 26-29 желтоқсан аралығында 1-11 сыныптарда Жаңа жыл мерекесі, яғни «Жасыл шырша жанында» атты мерекелік қойылым ұйымдастырылды. Мектептің жас мамандары өз өнерлерін ортаға салды. Мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Әжібеков Қуаныш «Аяз ата» Бегалиев Тұрдалы «Алдар көсе», 11 сынып оқушылары түрлі кейіпкерлерді сомдады ,жүргізуші мектеп тәлімгері Джураева Айнура т.б әр түрлі кейіпкер рөлдерін жақсы орындап шықты. Оқушылар мерекелік көңіл күймен қысқы демалысқа шықты. Жалпы мектебіміздің ұжымы жаңа жылды ерекше көңіл күймен қарсы алды деуге болады.

